



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

**Балалар тағамына және ересектерге арналған қоспалар
СҰЙЫҚТЫҚ ХРОМАТОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ ИМПУЛЬСТІК АМПЕРОМЕТРИЯ
АРҚЫЛЫ МИОИНОЗИТ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ**

Смеси для детского питания и взрослых

**ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ МИО-ИНОЗИТОЛА С ПОМОЩЬЮ
ЖИДКОСТНОЙ ХРОМАТОГРАФИИ И ИМПУЛЬСНОЙ АМПЕРОМЕТРИИ**

ҚР СТ ISO 20637–2016

(ISO 20637:2015 Infant formula and adult nutritionals – Determination of myo-inositol by liquid chromatography and pulsed amperometry, IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

**Балалар тағамына және ересектерге арналған қоспалар
СҰЙЫҚТЫҚ ХРОМАТОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ ИМПУЛЬСТІК АМПЕРОМЕТРИЯ
АРҚЫЛЫ МИОИНОЗИТ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ**

ҚР СТ ISO 20637–2016

(ISO 20637:2015 Infant formula and adult nutritionals – Determination of myo-inositol by liquid chromatography and pulsed amperometry, IDT)

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 «Kazakhstan Business Solution» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ТК 91 «Химия» стандарттау жөніндегі техникалық комитеті) **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2016 жылғы 23 қарашадағы № 296-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 20637:2015 Infant formula and adult nutritionals – Determination of myo-inositol by liquid chromatography and pulsed amperometry (Балалар тағамына және ересектерге арналған қоспалар. Сұйықтық хроматография және импульсті амперометрия көмегімен мио-инозитол мөлшерін анықтау) халықаралық стандартына сәйкес келеді.

Халықаралық стандартты AOAC INTERNATIONAL қауымдастығымен бірлесіп ISO/TC 34 «Тамақ өнімдері» техникалық комитеті әзірледі.

Ағылшын тілінен аударылған (en).

Осы ұлттық стандарт халықаралық стандарттың ресми нұсқасы негізінде әзірленді және осында берілген сілтемелер Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

Ресми нұсқа дегеніміз мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтін болып табылады. Сәйкестік деңгейі – бірдей (IDT).

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-ІІ, «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңдарының нормалары іске асырылды

**5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

2023 жылы
5 жыл

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгеріс мәтіні «Мемлекеттік стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (жойылған) немесе ауыстырылған жағдайда тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде Қазақстан Республикасы аумағында толықтай немесе бөлшектегіп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Балалар тағамына және ересектерге арналған қоспалар

**СҰЙЫҚТЫҚ ХРОМАТОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ ИМПУЛЬСТІК АМПЕРОМЕТРИЯ
АРҚЫЛЫ МИОИНОЗИТ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ**

Енгізілген күні 2018-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт ауыстыратын бағаналы импульстік амперометрия мен сұйықтық хроматография көмегімен үлкендер мен балалар тағамына арналған қоспалардағы миоинозитол (фосфатидилинозитол түрінде байланысқан бос немесе бос плюс) мөлшерін анықтау үшін қолданылатын әдісті белгілейді.

2 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамаларымен бірге мынадай терминдер қолданылады:

2.1 Үлкендерге арналған қоспа (adult nutritional): өзгертілмеген ақуыз қоспасы және қоспасысыз, амин қышқылы мен крахмал, гидролиз ақуыз, сүт іркіті, күріш, соя, сүт қосындысынан дайындалған жалғыз қоректендіру көзі болып табылатын сұйық формада қолданылатын арнайы әзірленген қоректендіргіш заттар бойынша балансталған қоректендіру өнімдері.

2.2 Адапталған немесе жартылай адапталған бастапқы немесе соңғы сүт қоспалары (infant formula): Өмірінің бірінші айынан бастап тиісті тамақты қолдану күніне дейін (72-1981 [1] Стандарт Кодексіне сәйкес) тамақтануда сәбилердің қажеттілігін қанағаттандыру үшін арнайы дайындалған емшектегі сүттің жасанды алмастырғышы.

3 Әдістің мәні

Бос миоинозитол мен фосфатидилмен байланысты миоинозитол үлгіні дайындаудың екі түрлі процедура көмегімен алынады. Бос миоинозитол су мен ерітілген тұз қышқылы үлгілерінен алынады. Фосфатидилинозитол хлороформ үлгілерінен алынады және кремний оксидті картридж майынан бөлінеді (қатты фазалы экстракцияға арналған картридж). Миоинозитол 120 °С температурада шоғырланған сілтілі және тұз қышқылы арқылы глицерин құрылымынан босатылады. Ионды хроматографиялық әдіс импульстік амперометрлік ақауапқы (PAD) және бағандарды ауыстыру арқылы екі түрлі ионмен алмасатын бағандар комбинациясын қолданады. Миоинозитол мөлшерін мөлшері белгілі сыртқы стандарттармен салыстыру арқылы есептейді.

4 Реагенттер мен заттар

Зерттеу барысында басқасы көрсетілмеген жағдайда тазалықтың баламалы дәрежесіне ие су немесе тазартылған немесе минералданған су және тазалықтың талдамалы дәрежесімен белгілі реагенттерді қолдану қажет.

- 4.1 Химиялық заттар мен еріткіштер
 - 4.1.1 ACS стандартқа сәйкес келетін мұзды сілтілі қышқыл.
 - 4.1.2 Хлороформ, тазалықтың жоғары дәрежесіне ие, HPLC дәрежесі.
 - 4.1.3 Диэтил эфир, сусыз, HPLC дәрежесі.
 - 4.1.4 Драйерит, десикант, сусыз кальций сульфаты, 8 меш.
 - 4.1.5 Гелий, нөлдік топ немесе балама.
 - 4.1.6 Гексан, HPLC дәрежесі.
 - 4.1.7 Тұз қышқылы, шоғырланған (36 % бастап 38 % дейін), ACS стандартқа сәйкес келеді.
 - 4.1.8 Метафосфор қышқылы, ACS стандартқа сәйкес келеді.
 - 4.1.9 Метанол, HPLC дәрежесі.
 - 4.1.10 Мио-инозитол, алғашқы стандартты үлгі, ресми топтама, құрғатылған күйде сақтау қажет. Стандартты үлгісіздік танбасына қарау.
 - 4.1.11 Натрий хлориді, ACS стандартқа сәйкес келеді.
 - 4.1.12 Натрий гидроксиді, 50 % (масс./масс.), көмірқышқылды тұздың аз мөлшеріне ие форма.

4.2 Реагенттер мен стандартты ерітінділерді дайындау

4.2.1 Жалпы ережелер.

Ыңғайлылық үшін барлық ерітінділер зертханалық тәжірибе ережелері ұстанған жағдайда үлкен немесе шамалы мөлшерде пайдалану үшін саналады. Ерітінділер суытылған түрде немесе басқасы көрсетілмеген жағдайда инертті заттармен толтырылған герметикалық контейнерлерде қоршаған орта температурасында сақталады.

4.2.2 Мио-инозитолдың бастапқы стандартты ерітіндісі (2000 мг/л шамасында). Мио-инозитолдың 0,100 г дәл өлшендісі алынады және оны 50 мл сыйымдылықтағы өлшегіш жұмыр шыныға мөлшерлеп ауыстырады. Қажетті көлемге дейін сумен ерітеді. Жақсы араластырады. Тоңазытқышта сақтайды. Жарамдылық мерзімі: 3 ай.

4.2.3 Мио-инозитолдың аралық стандартты ерітіндісі (200 мг/л шамасында). 10,0 мл бастапқы стандартты ерітіндіні (5.2.2 қарау) 100 мл дейін сумен ерітеді және жақсы араластырады. Қолданғаннан кейін пайдаланылады.

4.2.4 Калибрлейтін стандартты ерітіндіні дайындау

4.2.4.1 Мио-инозитолдың калибрлейтін жоғарғы деңгейлі ерітінділері, (4,0; 2,0; 1,0; 0,5 мг/л шамасында).

Жеке өлшегіш жұмыр шыныларда мио-инозитолдың 2,0; 1,0 және 0,5 мл аралық стандартты ерітіндісін (5.2.3 қарау) 100 мл дейін сумен ерітеді. Мио-инозитолдың 0,5 мл аралық стандартты ерітіндісін (4.2.3 қарау) 200 мл дейін сумен ерітеді. Жарамдылық мерзімі: 2 апта.

4.2.4.2 Мио-инозитолдың калибрлейтін төменгі деңгейлі ерітінділері (0,20; 0,05 мг/л шамасында).

Жеке өлшегіш жұмыр шыныларда 0,5 мг/л шоғырланған мио-инозитолдың 4 мл және 1 мл калибрлейтін стандартты ерітіндісін 10 мл дейін сумен ерітеді. Жарамдылық мерзімі: 2 апта.

4.2.5 Тұз қышқылы, 0,5 %. 1,25 мл шоғырланған тұз қышқылын 200 мл шамасындағы сумен 250 мл сыйымдылықтағы өлшегіш жұмыр шыныға салады. Сумен қажетті көлемге дейін ерітеді және жақсы араластырады. Жарамдылық мерзімі: 6 ай.

4.2.6 Натрий хлориді, 1 моль/л. 5,8 г натрий хлоридін ерітеді және сумен 100 мл дейін ерітеді. Жарамдылық мерзімі: 1 ай.

4.2.7 Натрий гидроксиді, 0,12 % немесе 30 ммоль (1 сорғы). 50 % натрий гидроксиді ерітіндісінің ($4,8 \pm 0,1$) г дәл өлшендісі 1900 мл шамасында судан тұратын 2000 мл өлшегіш жұмыр шыныға алады. Натрий гидроксиді ауадағы көмірқышқылды газды жұтпауы маңызды. Араластыру үшін жақсылап шайқайды. Сумен қажетті көлемге дейін ерітеді және жақсы араластырады. Жарамдылық мерзімі: 1 ай.

4.2.8 Натрий гидроксиді, 4,0 % немесе 1 моль/л (2 сорғы). 50 % натрий гидроксиді ерітіндісінің (160 ± 3) г дәл өлшендісі 1900 мл шамасында судан тұратын 2000 мл өлшегіш жұмыр шыныға алады. Натрий гидроксиді ауадағы көмірқышқылды газды жұтпауы маңызды. Араластыру үшін жақсылап шайқайды. Сумен қажетті көлемге дейін ерітеді және жақсы араластырады. Жарамдылық мерзімі: 1 ай.

4.2.9 Метафосфорлы қышқыл, 6 %. Метафосфорлы қышқылдың 6,0 г дәл өлшендісін 100 мл сыйымдылықтағы өлшегіш жұмыр шыныға алады. Ерітеді және сумен қажетті деңгейге дейін ерітеді. Жақсы араластырады. Тоңазытқышта сақтайды. Жарамдылық мерзімі: 1 апта.

4.2.10 Фосфатидилинозитол сығынды ерітінділері. Қолданатын күнде жаңадан дайындайды.

4.2.10.1 Хлороформ: метанол (2:1). 60 мл хлороформ мен 30 мл метанол араластырады.

4.2.10.2 Гексан: диэтил эфир (80:20). 80 мл гексан мен 20 мл диэтил эфирді араластырады.

4.2.10.3 Гексан: диэтил эфир (50:50). 50 мл гексан мен 50 мл диэтил эфир араластырады.

4.2.10.4 Метанол: хлороформ:су (75:15:10). 75 мл метанол, 15 мл хлороформ мен 10 мл суды араластырады.

5 Жабдық

Стандартты зертханалық ыдыс пен қондырғы, соның ішінде, мыналар.

5.1 Талдамалы таразылар, минимал жүк көтергіштік 0,0001 г кем емес.

5.2 Центрифуга.

5.3 ГОСТ 25336-82 бойынша эксикатор.

5.4 Сұйық азотты булағыш, су моншасы немесе оның баламасы бар.

5.5 120 °C температураны сақтауға қабілетті пеш.

5.6 pH-метр, pH 4 және 7 буферлері бар.

5.7 Көп позициялы магнитті бұлғауыш.

5.8 Вакуумды коллектор.

5.9 Соқпа бұлғауыш.

5.10 Түтіктің ішкі диаметрі 0,18 бастап 0,25 мм (0,007 бастап 0,01 дюйм дейін) дейінгі политетрафторэтилен (PTFE) немесе полиэфирэфиркетон (PEEK) және алтын электродты импульстік амперометрия детекторы, 6 арналы ауыстырмалы қақпақ, екі изократикалық сорғы, автоматты сынама сұрыптағышты қосқандағы, зең басуға тұрақты құрауыш бөліктерге ие HPLC жүйесі. Автоматты сынама сұрыптағыш, 20 мкл енгізуге қабілетті.

ҚР СТ ISO 20637-2016

5.11 Бағандар, Dionex CarboPac¹⁾ MA1 (4 мм × 250 мм) P/N, 44066, MA1 (4 мм × 50 мм) P/N 44067, және PA1 (4 × 50 мм) P/N 43096, немесе балама.

5.12 Мөлшерлеуіштер, түрлі өлшемге ие.

5.13 Центрифуга түтіктер, политетрафторэтиленмен (PTFE) жабылған тығынмен бірге 50 мл.

5.14 Шприцті сүзгілер, полиамид, 0,45 мкм және 0,20 мкм

5.15 Сүзгіш қағаз, ватман қағаз 2V¹⁾ немесе балама.

5.16 Конустық жұмыр шынылар, 50 мл немесе 125 мл немесе балама.

5.17 Өлшеуіш жұмыр шынылар, түрлі өлшемге ие.

5.18 Сүзгіш қағазбен қолдануға ыңғайлы құйғыштар.

5.19 Тамызғыштар, дәйектелген, түрлі өлшемге ие.

5.20 SPE картридж, кремний оксидті, 1 г²⁾.

5.21 100 мм (4 дюйм) ұзындықтағы тот бастпайтын болаттан жасалған түймелі 25 мл газ өткізбейтін шыны сыйымдылық пен 1 мл бір реттік сыйымдылыққа ие шприцтер.

Ескертпе. Шприц көлемі 1 бастап 500 мкл дейінгі автоматты сынама сұрыптағыштар. Шприцті тасымалдау үшін қосымша қондырғы мен 250 және 500 мкл екі шприцті бір уақытта қолдануға болады (мысалы, Аджилент 7693А).

7 Сынақ өткізу

6.1 Бос мио-инозитол

6.1.1 Үлгілерді дайындау

6.1.1.1 Жалпы ережелер

Жабық контейнерлерде 1 °C бастап 8 °C дейінгі температурада тұрақты сақталатын дайындалған үлгілер 5 күн ішінде тұрақты болады. 5 күн өткеннен кейін үлгілерді қайтадан дайындау қажет. Біркелкілікті қамтамасыз ету үшін сұйық үлгілерді жақсылап араластыру қажет. Егер ұнтақ тәріздес үлгінің біркелкілігі белгісіз болса, ұнтақ біркелкі емес екендігі болжанады және 6.1.1.3 тармақта көрсетілген бойынша біркелкі емес ұнтақ тәріздес үлгілер / құрғақ қоспалардан ұнтақ тәріздес үлгілерді дайындау басталады.

6.1.1.2 Сұйық үлгілер

Пайдалануға дайын әр сұйық үлгісінен 0,0001 г дейінгі дәлдікке ие өнімнің (0,50 ± 0,05) бастап (5,0 ± 0,5) г дейінгі дәл өлшенді алынады. Және 100 мл сыйымдылықтағы өлшеуіш жұмыр шыныға ауыстырады.

6.1.1.3 Құрғақ қоспалардан ұнтақ тәріздес үлгілер

Құрғақ қоспалардан / біркелкі емес ұнтақ тәріздес үлгілерден ұнтақ тәріздес үлгілер үшін қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген шараларды ұстану қажет. 0,0001 г дейінгі дәлдікке ие қалпы келтірілген өнімнің 0,5 бастап 5,0 г дейінгі дәл өлшенді алынады. Және 100 мл сыйымдылықтағы өлшеуіш жұмыр шыныға ауыстырады.

6.1.1.4 Сулы қоспалардан ұнтақ тәріздес үлгілер

1) Сатылымдағы лайықты өнім мысалы. Осы ақпарат осы стандартты пайдаланушылардың ыңғайлылығы үшін келтірілген және осы өнімнің ISO мақұлданғаны туралы растама болып табылмайды. Балама өнімдер олар сол нәтижеге алып келетіндігі көрсетілген жағдайда қолданыла алады.

2) J.T. Baker P/N 7086-07 (www.avantormaterials.com) сатылымдағы лайық өнімнің мысалы болып табылады. Осы ақпарат осы стандартты пайдаланушылардың ыңғайлылығы үшін келтірілген және осы өнімнің ISO мақұлданғаны туралы растама болып табылмайды. Балама өнімдер олар сол нәтижеге алып келетіндігі көрсетілген жағдайда қолданыла алады.

Сулы қоспалардан / біркелкі ұнтақ тәріздес үлгілерден ұнтақ тәріздес үлгілер үшін 0,0001 г дейінгі дәлдікке ие ұнтақтың 0,25 бастап 1,50 г дейінгі дәл өлшенді алынады. Және 100 мл сыйымдылықтағы өлшеуіш жұмыр шыныға ауыстырады. Өлшеуіш жұмыр шыныға 10 бастап 15 мл дейін су қосылады және ұнтақ толық ерігенге дейін араластырылады.

6.1.2 Алу

Үлгінің *pH* деңгейін ($4,5 \pm 0,2$) дейін жеткізу үшін әр үлгіге 0,5 % тұз қышқылының (4.2.5 қарау) қажетті мөлшерін қосады және араластыру үшін былғайды.

Үлгілердің 0,5 % хлор-сутелігімен 2 мин реакцияға түсуін қамтамасыз етеді, кейін қажетті көлемге дейін сумен таратады. Жақсылап араластырады. Үлгілерді сүзгіш қағаз арқылы (6.15 қарау) сәйкес шыны ыдыс немесе 125 мл сыйымдылықтағы конустық жұмыр шыныға сүзеді.

Ескертпе – Кейбір үлгілер сүзуден кейін бұлыңғыр болады, сүзілген ерітінділерді қолдануға болады.

Ұсақ тесік өлшемі 0,45 мкм (6.14 қарау) шприцті сүзгі арқылы сүзілген үлгі аликуотасын автоматты сынап сұрыптағыш құтысына сүзеді.

6.2 Фосфатидилинозитол түріндегі байланысқан мио-инозитол

6.2.1 Үлгілерді дайындау

6.2.1.1 Жалпы ережелер

Жабық контейнерлерде 1 °C бастап 8 °C дейінгі температурада тұрақты сақталатын дайындалған үлгілер 5 күн ішінде тұрақты болады. 5 күн өткеннен кейін үлгілерді қайтадан дайындау қажет. Мұқият араластырады және өнімдерді сынама сұрыпталғанға дейін шайқайды. Біркелкілікті қамтамасыз ету үшін сұйық үлгілерді жақсылап араластыру қажет. Егер ұнтақ тәріздес үлгінің біркелкілігі белгісіз болса, ұнтақ біркелкі емес екендігі болжанады және 7.1.1.3 тармақта көрсетілген бойынша біркелкі емес ұнтақ тәріздес үлгілер / құрғақ қоспалардан ұнтақ тәріздес үлгілерді дайындау басталады.

6.2.1.2 Сұйық үлгілер

Пайдалануға дайын әр сұйық үлгісінен өнімнің ($4,0 \pm 0,4$) г дәл өлшендісі 50 мл сыйымдылықтағы центрифуга түтікке алынады және 0,0001 г дейінгі дәлдікке ие массасы жазылады.

6.2.1.3 Құрғақ қоспалардан ұнтақ тәріздес үлгілер

Құрғақ қоспалардан / біркелкі емес ұнтақ тәріздес үлгілерден ұнтақ тәріздес үлгілер үшін қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген шараларды ұстану қажет. Қалпына келтірілген өнімнің ($4,0 \pm 0,4$) г дәл өлшендісі 50 мл сыйымдылықтағы центрифуга түтікке алынады. 0,0001 г дейінгі дәлдікке ие массасы жазылады.

6.2.1.4 Сулы қоспалардан ұнтақ тәріздес үлгілер

Сулы қоспалардан / біркелкі ұнтақ тәріздес үлгілерден ұнтақ тәріздес үлгілер үшін ұнтақтың ($1,0 \pm 0,1$) г дәл өлшендісі 50 мл сыйымдылықтағы центрифуга түтікке алынады және 0,0001 г дейінгі дәлдікке ие массасы жазылады. Центрифуга түтікке 4 мл су қосылады және жақсы араластырылады.

6.2.2 Алу

Сорғыш шкафта әр үлгіге 10 мл метанол қосылады және 20 мин араластырылады немесе 1 мин шайқалады және 20 мин үлгілердің шөгуі қамтамасыз етіледі. 20 мл хлороформ қосылады және 5 мин араластырылады немесе 1 мин шайқалады және 5 мин үлгілердің шөгуі қамтамасыз етіледі. Егер хлороформды қосқан кезде үлкен ұйысқан түзілсе, түтікті жабады және үлгіні араластыру үшін 1 мин жақсылап шайқайды. 5 мл 6 % метафосфорлы қышқыл (4.2.9 қарау) мен 1 моль/л шоғырланған 1 мл NaCl (4.2.6 қарау) қосылады және жақсы араластырылады. Қабаттары бөлінгенге дейін центрифугалайды. Тот баспайын инелі 25 мл сыйымдылықтағы газ өткізбейтін шыны шприц көмегімен (6.21 қарау) хлороформның төменгі қабатын 50 мл сыйымдылықтағы таза центрифуга түтікке

ҚР СТ ISO 20637-2016

ауыстырады және хлороформды 60 °С температурада су моншасында азотпен бұға айналдырады.

6.2.3 Тазарту

Сорғыш шкафта 6 мл гексанның 1 г оксидті SPE картридж кремний (6.20 қарау) өңделеді. Центрифуга түтіктің түбіндегі шөгіндіні 1 мл хлороформ мен метанол қоспасында (2:1) ерітеді. Ерітілген қалдықты өңделген кремний оксидті SPE картриджге мөлшерлі ауыстырады. 50 мл сыйымдылықтағы центрифуга түтікті 3 мл гексан мен диэтил эфир (80:20) қоспасымен жуады және SPE картриджге ауыстырады. Аластаушыны пайдаға асырады. 50 мл сыйымдылықтағы центрифуга түтікті 3 мл гексан мен диэтил эфир (50:50) қоспасымен жуады және SPE картриджге ауыстырады. Аластаушыны 50 мл сыйымдылықтағы таза центрифуга түтікке жинайды. 50 мл сыйымдылықтағы центрифуга түтікті 4 мл метанолмен жуады және SPE картриджге ауыстырады. Аластаушыны сол 50 мл сыйымдылықтағы центрифуга түтікке жинайды. 50 мл сыйымдылықтағы центрифуга түтікті 4 мл метанол мен хлороформ, су (75:15:10) қоспасымен жуады және SPE картриджге ауыстырады. Аластаушыны сол 50 мл сыйымдылықтағы центрифуга түтікке жинайды. SPE картриджде жиналған аластаушыны азотпен 60 °С температурада су моншасында бұға айналдырады.


6.2.4 Гидролиз

Сорғы шкафта 40 мкл суық сілтілі қышқыл (4.1.1 қарау) мен 2 мл шоғырланған тұз қышқылын (4.1.7 қарау) центрифуга түтіктегі тазарту сатысындағы үлгіден қалған қалдыққа қосады. Түтікті тығыз жабады. Пешті 120 °С температурада 2 сағат ішінде қыздырады. Суытады. 10 мл шамасында су қосады және араластыру үшін шайқайды. 1,25 мл 50 % (масс./масс.) натрий гидроксидін (4.1.12 қарау) қосады. Үлгіні 50 мл сыйымдылықтағы өлшеуіш жұмыр шыныға салады және сумен қажетті көлемге дейін ерітеді. Сүзілген үлгінің аликвотасын 0,45 мкм бос аралы шприцті сүзгі арқылы автоматты сынама сұрыптағыш түтігіне сүзеді.

6.3 HPLC талдау

7.3.1 Аспаптарды пайдалану шарттары


1 сорғы шекті қысым	13790 кПа (шаршы дюймге 2000 фунт)
1 сорғы қозғалмалы фаза	0,12 % (30 ммоль/л) NaOH
1 сорғы ағын жылдамдығы	0,40 мл/мин
2 сорғы шекті қысым	13790 кПа (шаршы дюймге 2000 фунт)
2 сорғы қозғалмалы фаза	4 % (1 моль/л) NaOH
2 сорғы ағын жылдамдығы	0,40 мл/мин
Енгізілетін көлем	20 мкл
Мио-инозитол ұстау уақыты	11 бастап 13 мин дейін
Жұмыс уақыты	25 мин
Ауыстырмалы қақпақтың конфигурациялау уақыты:	
0,00 мин	1 конфигурация (1-суретті қарау)
1,50 мин	2 конфигурация (2-суретті қарау)
13,50 мин	1 конфигурация (1-суретті қарау)



Шартты белгілеулер:

- 1 – 1 сорғы;
- 2 – қорғаныс бағаны PA1;
- 3 – 2 сорғы;
- 4 – қалдық;
- 5 – қорғаныс және талдамалы бағандар MA1;
- 6 – электрохимиялық детектор.

1-сурет. 1 ауыстырмалы қақпақ конфигурациясы



Шартты белгілеулер:

- 1 – 1 сорғы
- 2 – қорғаныс бағаны PA1
- 3 – 2 сорғы
- 4 – қалдық
- 5 – қорғаныс және талдамалы бағандар MA1
- 6 – электрохимиялық детектор

2-сурет. 2 ауыстырмалы қақпақ конфигурациясы

6.3.2 алтын электродты PAD параметрлері

ҚР СТ ISO 20637-2016

Сәйкес диапазон: 1 мкКл

Детектор программа: Dionex ICS 3000 немесе ICS 5000¹⁾

0,00 с 0,10 В

0,20 с 0,10 В

0,40 с 0,10 В

0,41 с минус 2,00 В

0,42 с минус 2,00 В

0,43 с 0,60 В

0,44 с минус 0,10 В

0,50 с минус 0,10 В

Біріктіру уақыты: 0,20 бастап 0,40 с дейін

Әдеттегі стандартты хроматограмма үлгісі А қосымшасында келтірілген.

6.3.3 Аспаптармен жұмыс істеу бастамасы

Қозғалмалы фазаларды дайындайды. Қажет жағдайда қозғалмалы фазаларды гелиймен бүркіді және / немесе қозғалмалы фазаға арналған ыдысты герметикалайды. Қажет жағдайда жұмыстық алтын электродты тазартады және тегістейді. Детектор қосады және жүйені тепе-теңдікке келтіру үшін 30 мин барысында 0,40 мл/мин ағын жылдамдығында бағана астындағы қозғалмалы фазаны үйіп тастайды. Детектордың талдау алдында тұрақты екендігіне көз жеткізіледі. 20 мкл ең көп шоғырланған стандартты ерітіндіні 5 рет енгізеді және биіктік немесе пик ауданын көрсетеді. Егер жүйе тепе-теңдікте болса, соңғы үш енгізілген стандартты ерітінділердің (RSD) биіктігі немесе пик ауданындағы салыстырмалы стандартты ауытқу 2,0 % болады.

6.3.4 Стандартты ерітінді мен үлгіні талдау

Жүйені тепе-теңдікке келтіргеннен кейін әр шоғырлануда (4.2.4 және 4.2.5 қарау) бір стандартты ерітіндіні енгізеді. Стандартты ерітінділердің жинағын енгізгеннен кейін үлгілер мен қорытынды үлгі стандартты ерітінділердің басқа жинағын енгізу алдында енгізіледі.

6.3.5 Жүйемен жұмысты аяқтау

Барлы үлгілер мен стандартты ерітінділерді талдаудан кейін автоматты сынама сұрыптағыш пен түтіктің инесін тазарту үшін 20 мкл су қосады. Талдамалы бағандарды қозғалмалы фазада сақтайды [0,12 % (30 ммоль/л) натрий гидроксиді]. Электрохимиялық ұяшықты сөндіреді. Сорғылық саптаманы натрий гидроксидін жою үшін сумен шаяды.

7 Есептеу

7.1 Жалпы ережелер

Үлгілердегі мио-инозитол шоғырлануын есептеу алдында стандартты мио-инозитол ерітінділерінің пигін мио-инозитол үлгілерінің пигімен салыстыру және қандай да бір кедергілі байланыстардың жоқтығын және мио-инозитол үлгісінің пик ауданы немесе биіктігі стандартты мио-инозитол ерітіндісінің биіктігі немесе пик ауданы диапазонында орналасқанын растау қажет. Мио-инозитол шоғырлануы осал ажыратымдылық немесе кедергілі байланыстарда есептелмейді. Мио-инозитол ұстау уақыты жеке талдамалы бағанға байланысты 11 бастап 13 мин дейін диапазонда болады.

¹⁾ Сатылымдағы лайықты өнім мысалы. Осы ақпарат осы стандартты пайдаланушылардың ыңғайлылығы үшін келтірілген және осы өнімнің ISO мақұлдағаны туралы растама болып табылмайды. Балама өнімдер олар сол нәтижеге алып келетіндігі көрсетілген жағдайда қолданыла алады.

7.2 Калибрленген стандартты ерітінділердің шоғырлануы

(1) формуланы қолдану арқылы калибрленген стандартты ерітінділердің шоғырлануы есептеледі:

$$C_W = m \times \frac{1}{0,05} \times \frac{1}{10} \times \frac{A_1}{V_1} \cdot \frac{A_2}{V_2} \cdot p = m \times 2 \times \frac{A_1}{V_1} \cdot \frac{A_2}{V_2} \cdot p, \quad (1)$$

Мұндағы C_W – стандартты калибрлен ерітіндінің шоғырлануы, мг/л;
 m – көтерілген стандартты мио-инозитол ерітіндісінің массасы, мг;
 0,05 – бастапқы стандартты ерітіндінің сұйылтылған ерітіндісінің көлемі, (4.2.2 қарау), л;

1/10 – аралық сұйылтылған стандартты ерітінді (10 бастап 100 мл дейін);

A_1 – қолданылатын аралық стандартты ерітінді аликвотасы (4.2.4.1 қарау), мл;

V_1 – калибрленген стандартты жоғары деңгейлі ерітіндінің сұйылтылған ерітіндісінің көлемі (4.2.4.1 қарау), мл;

A_2 – қолданылатын калибрленген стандартты жоғары деңгейлі ерітіндінің аликвотасы используемого, қолданылған жағдайда (4.2.4.2 қарау), мл;

V_2 – калибрленген стандартты төменгі деңгейлі ерітіндінің сұйылтылған ерітіндісінің көлемі, қолданылған жағдайда (4.2.4.2 қарау), мл;

p – стандартты ерітіндінің алғашқы затбелгісінен тазалық дәрежесі немесе анықталған тәжірибелік, мг/мг.

7.3 Градустандыруға арналған стандартты ерітінділерді дайындау

Калибрленген стандартты ерітіндінің әр шоғырлануы үшін әр екі жүйелі стандартты ерітінді жинағынан биіктік немесе пик ауданының орташа аумағы шығарылады. Орташаланған пик ауданы немесе биіктікке байланысты шоғырлану бойынша сызықтық ең шамалы квадраттар (кемімелі) әдісімен градустандыруға арналған стандартты ерітінді дайындалады.

7.4 Үлгідегі бос мио-инозитол немесе бос плюс байланған мио-инозитол есептеу

7.4.1 Бос мио-инозитол есептеу

Дайын үлгідегі бос мио-инозитол шоғырлануы 8.3 алынған стандартты ерітіндіден экстраполяцияланады. Ерітілген дайындалған шоғырланған үлгіден өнімнің шоғырлануы (2) формула көмегімен есептеледі:

$$C_f = \frac{C_d \times 100}{m_s}, \quad (2)$$

мұндағы C_f – өнім үлгісіндегі бос мио-инозитол шоғырлануы, мг/кг;

C_d – дайын үлгідегі бос мио-инозитол шоғырлануы, мг/л;

100 – ерітілген ерітінді көлемі, мл;

m_s – үлгі массасы, г.

7.4.2 Байланған мио-инозитол есептеу

Дайын үлгідегі байланған мио-инозитол шоғырлануы 8.3 алынған стандартты ерітіндіден экстраполяцияланады. Ерітілген дайындалған шоғырланған үлгіден өнімнің шоғырлануы (3) формула көмегімен есептеледі:

ҚР СТ ISO 20637-2016

$$C_b = \frac{C_d \times 50}{m_s}, \quad (3)$$

мұндағы C_b – өнім үлгісіндегі байланған мио-инозитол шоғырлануы, мг/кг;

C_d – дайын үлгідегі бос мио-инозитол шоғырлануы, мг/л;

50 – ерітілген ерітінді көлемі, мл;

m_s – үлгі массасы, г.

7.4.3 Бос плюс байланған мио-инозитол есептеу


Дайын үлгідегі бос плюс байланған мио-инозитол шоғырлануы (4) формула бойынша есептеледі:

$$C_T = C_f + C_b, \quad (4)$$

мұндағы C_T – өнім үлгісіндегі бос плюс байланған мио-инозитол шоғырлануы, мг/кг.


А қосымшасы
(ақпараттық)

Хроматограмма үлгілері



Шартты белгілер
X – уақыт, мин-пен;
Y – туынды бірлік;
1 – мио-инозитол.

А.1 суреті – Стандартты ерігіндінің типтік хроматограммасының үлгісі



Шартты белгілер
X – уақыт, мин-пен;
Y – туынды бірлік;
1 – мио-инозитол.

А.2 суреті SRM 1849а хроматограмма үлгісі

В қосымшасы
(ақпараттық)

Деректер дәлдігі

В.1 – В.3 кестелерде берілген деректер зертхана аралық зерттеулерде алынған және ISO 5725-2 [5] стандартына және талдау әдісінің сипаттамасының дәлдігін бағалау үшін бірлескен зерттеу процедуралары үшін АОАС-IUPAC бірегейленген хаттамасына сәйкес [6] 2015 жылы жарияланды [4]. Зерттеу берілген талаптар негізінде бағаланды [8].

Әдіс балалар тағамы мен ересектерге арналған қоспадағы фосфатидилинозитолдан алынған мио-инозитол мен бос мио-инозитолды сандық анықтау үшін бекітілді. Жаңғыртушылық бірнеше күн орындалатын ұқсас талдаудан анықталды. Дәлдік шығару деңгейі бойынша эксперименттен анықталды (фосфатидилинозитолдан алынған мио-инозитол мен бос мио-инозитол). Аспаптарды табу шегі мен саны стандартты төмен деңгейлі ерітіндіні енгізуден және бос мио-инозитолдың төмен деңгейі бар шын таңдамасынан статистикалық анықталды. Зерттеу [7] берілген талаптар негізінде жүргізілді.

Әдісті тексеру туралы толығырақ ақпарат мына сайтта берілген: <http://standards.iso.org/iso/20637>.

В.1 кестесі — Байланыспаған (бос) мио-инозитол

Үлгінің типі	Негізгі еместі есепке алмағанда, зертханалардың жалпы саны	Негізгі емес зертханалар саны	Рұқсат етілген қайталаулардың жалпы саны	Орташа мән (мг/100 г RTF)	S_r	S_R	$C_{V,r}$	$C_{V,R}$	Хорвиц коэффициенті ^a
NIST SRM 1849a	10	0	22	412,00 ^b	11,3000	11,400	2,75	2,77	0,43
Соя негізіндегі балалар тағамына арналған ұнтақ тәрізді қоспа	10	0	22	4,22	0,1270	0,3050	3,03	7,26	0,80
Сүт негізіндегі балалар тағамына арналған ұнтақ тәрізді қоспа	10	0	20	4,26	0,1680	0,2320	3,95	5,43	0,60
Сүт негізіндегі ТД балалар тағамына арналған қоспа	9	0	20	7,17	0,0950	0,2070	1,33	2,89	0,34
Сүт негізіндегі балалар тағамына арналған ішінара гидролизденген ұнтақ тәрізді қоспа	10	0	22	3,65	0,0350	0,4120	0,97	11,4	1,22
Соя негізіндегі балалар тағамына арналған ішінара гидролизденген ұнтақ тәрізді қоспа	10	0	22	3,11	0,0899	0,3890	2,92	12,61	1,32

В.1 кестесінің жалғасы

Үлгінің типі	Негізгі еместі есепке алмағанда, зертханалардың жалпы саны	Негізгі емес зертханалар саны	Рұқсат етілген қайталаулардың жалпы саны	Орташа мән (мг/100 г RTF)	S_r	S_R	$C_{V,r}$	$C_{V,R}$	Хорвитц коэффициенті ^a
Балалар тағамына арналған ұнтақ тәрізді қоспа	10	0	22	5,10	0,1850	0,2460	3,61	4,81	0,54
Балалар тағамына арналған қарапайым ұнтақ тәрізді қоспа	10	0	22	5,10	0,2270	0,3180	4,45	6,24	0,71
Балалар тағамына арналған витаминделмеген, сүт негізіндегі ТД қоспа	9	0	20	3,17	0,0582	0,0910	1,84	2,87	0,30

^a Дереккөзге сәйкес Хорвитц коэффициентінің мәні [8].
^b Нәтижелер ұнтақтың мг/кг-мен берілген.
 ГУ – тұтынуға дайын.

В.2 кестесі – Фосфатидилинозитол түріндегі байланысқан мио-инозитол

Үлгінің типі	Негізгі еместі есепке алмағанда, зертханалардың жалпы саны	Негізгі емес зертханалар саны	Рұқсат етілген қайталаулардың жалпы саны	Орташа мән (мг/100 г RTF)	S_r	S_R	$C_{V,r}$	$C_{V,R}$	Хорвитц коэффициенті ^a
NIST SRM 1849a	9	0	20	9,510 ^b	1,8200	2,6200	18,7000	26,80	2,36
Соя негізіндегі балалар тағамына арналған ұнтақ тәрізді қоспа	9	0	20	2,100	0,1500	0,5010	6,9400	23,20	2,30
Сүт негізіндегі балалар тағамына арналған ұнтақ тәрізді қоспа	9	0	18	0,667	0,026 1	0,1720	3,9200	25,90	2,15
Сүт негізіндегі ТД балалар тағамына арналған қоспа	8	0	18	0,348	0,0301	0,0909	8,36	25,20	1,91
Соя негізіндегі балалар тағамына арналған ішінара гидролизденген ұнтақ тәрізді қоспа	9	0	20	0,214	0,0103	0,0576	4,72	26,40	1,86

В.2 кестесінің жалғасы

Үлгінің типі	Негізгі еместі есепке алмағанда, зертханалардың жалпы саны	Негізгі емес зертханалар саны	Рұқсат етілген қайталаулардың жалпы саны	Орташа мән (мг/100 г RTF)	S_r	S_R	$C_{v,r}$	$C_{v,R}$	Хорвитц коэффициенті ^a
Соя негізіндегі балалар тағамына арналған ішінара гидролизденген ұнтақ тәрізді қоспа	9	0	20	1,640	0,0936	0,3580	5,53	21,10	2,02
Балалар тағамына арналған ұнтақ тәрізді қоспа	9	0	20	0,328	0,0234	0,0878	6,89	25,80	1,94
Балалар тағамына арналған қарапайым ұнтақ тәрізді қоспа	9	0	20	0,000	0,0000	0,0000	0,00	0,00	0,00
Балалар тағамына арналған витаминделмеген, сүт негізіндегі ТД қоспа	8	0	18	0,305	0,0244	0,0850	7,71	26,90	2,00

^a Дереккөзге сәйкес Хорвитц коэффициентінің мәні [8].
^b Нәтижелер ұнтақтың мг/кг-мен берілген.
 ГУ – тұтынуға дайын.

В.3 кестесі– Фосфатидилинозитол түріндегі байланысқан мио-инозитол плюс байланыспаған (бос) мио-инозитол

Үлгінің типі	Негізгі еместі есепке алмағанда, зертханалардың жалпы саны	Негізгі емес зертханалар саны	Рұқсат етілген қайталаулардың жалпы саны	Орташа мән (мг/100 г RTF)	S_r	S_R	$C_{v,r}$	$C_{v,R}$	Хорвитц коэффициенті ^a
NIST SRM 1849a	9	0	20	422,00 ^b	11,9000	11,900	2,83	2,83	0,44
Соя негізіндегі балалар тағамына арналған ұнтақ тәрізді қоспа	9	0	20	6,27	0,1470	0,446	2,32	7,05	0,82
Сүт негізіндегі балалар тағамына арналған ұнтақ тәрізді қоспа	9	0	18	4,92	0,1840	0,314	3,74	6,38	0,72
Сүт негізіндегі ТД балалар тағамына арналған қоспа	8	0	18	7,50	0,1060	0,218	1,41	2,90	0,35

В.3 кестесінің жалғасы

Үлгінің типі	Негізгі еместі есепке алмағанда, зертханалардың жалпы саны	Негізгі емес зертханалар саны	Рұқсат етілген қайталаулардың жалпы саны	Орташа мән (мг/100 г RTF)	S_r	S_R	$C_{V,r}$	$C_{V,R}$	Хорвитц коэффициенті ^a
Сүт негізіндегі балалар тағамына арналған ішінара гидролизденген ұнтақ тәрізді қоспа	9	0	20	3,84	0,0350	0,426	0,91	11,20	1,21
Соя негізіндегі балалар тағамына арналған ішінара гидролизденген ұнтақ тәрізді қоспа	9	0	20	4,71	0,1520	0,357	3,22	7,55	0,84
Балалар тағамына арналған ұнтақ тәрізді қоспа	9	0	20	5,42	0,2030	0,307	3,73	5,63	0,64
Балалар тағамына арналған қарапайым ұнтақ тәрізді қоспа	9	0	20	5,08	0,2370	0,324	4,67	6,40	0,72
Балалар тағамына арналған витаминделмеген, сүт негізіндегі ТД қоспа	8	0	18	3,46	0,0659	0,128	1,90	3,70	0,39
^a Дереккөзге сәйкес Хорвитц коэффициентінің мәні [8]. ^b Нәтижелер ұнтақтың мг/кг-мен берілген. ГҮ – тұтынуға дайын.									

Библиография

[1] Codex Standard 72-1981 Standard for Infant Formula and Formulas for Special Medical Purposes Intended for Infants (72-1981 кодексінің стандарты. Балаларға арналған арнайы медициналық мақсатты балалар және сүт қоспасы).

[2] J. AOAC Int. 2012, 95 p. 937 J. AOAC Int. 2012, 95 937-бет.

[3] J. AOAC Int. 2012, 95 p. 295 J. AOAC Int. 2012, 95 295-бет.

[4] 2011.18, Determination of Myo-Inositol in Infant, Pediatric, and Adult Formulas by IC-PAD and Column Switching: Collaborative Study 2011.18, Ионды хроматография, импульсті амперометрлік акаутапқы және бағандарды ауыстырып-қосу көмегімен балалар тағамына және ересектерге арналған қоспадағы мио-инозитол мөлшерін анықтау. Бірлескен зерттеу).

[5] ISO 5725-2:1994, Accuracy (trueness and precision) of measurement methods and results — Part 2: Basic method for the determination of repeatability and reproducibility of a standard measurement method (Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстығы мен прецизиондығы). 2-бөлім. Өлшеудің стандартты әдісінің қайталанушылығы мен жаңғыртушылығын анықтаудың негізгі әдісі).

[6] AOAC International. AOAC Official Methods Program, Associate Referee's Manual on development, Study, Review, and Approval Process. Part IV AOAC Guidelines for Collaborative Studies, 1995, pp. 23–51. (AOAC INTERNATIONAL. AOAC ресми әдістерінің бағдарламасы, Өзірлеу, зерделеу, қарау және бекіту процесі бойынша қауымдасқан соттар нұсқалығы. IV бөлім, Бірлескен зерттеулерге арналған нұсқаулық AOAC, 1995 ж., 23-51-бет).

[7] AOAC SMPR 2011.005, Standard Method Performance Requirements for Vitamin B12 in infant formula and Adult/Pediatric Nutritional formula (AOAC SMPR 2011.005, AOAC SMPR 2011.005, Балалардың тамақтануына және ересектерге арналған қоспадағы B12 витаминіне арналған стандартты әдістердің сипаттамасына қойылатын талаптар).

[8] Thompson M. Recent Trends in Inter-Laboratory Precision at ppb and sub-ppb Concentrations in Relation to Fitness for Purpose Criteria in Proficiency Testing. Analyst (Lond.). 2000, 125 pp. 385–386 (M. ТОМПСОН. Бағалау сынақтарында алға қойылған мақсатты орындау үшін қабылдауға лайықтылық критерийлеріне қатысты миллиардқа бір бөліктен төмен және миллиардқа бөлшектер шоғырлануы кезінде зертханааралық дәлдіктегі соңғы даму қарқыны. Аналитик (Лонд.). 2000 ж., 125-бет. 385-386).



НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Смеси для детского питания и взрослых

**ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ МИО-ИНОЗИТОЛА С ПОМОЩЬЮ
ЖИДКОСТНОЙ ХРОМАТОГРАФИИ И ИМПУЛЬСНОЙ АМПЕРОМЕТРИИ**

СТ РК ISO 20637–2016

(ISO 20637:2015 Infant formula and adult nutritionals – Determination of myo-inositol by liquid chromatography and pulsed amperometry, IDT)

Издание официальное

**Комитет технического регулирования и метрологии
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан
(Госстандарт)**

Астана

Предисловие

1 ПОДГОТОВЛЕН И ВНЕСЕН Товариществом с ограниченной ответственностью «Kazakhstan Business Solution» (Технический комитет по стандартизации ТК 91 «Химия»)

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от № 296-од от 23 ноября 2016 года

3 Настоящий стандарт идентичен международному стандарту ISO 20637:2015 *Infant formula and adult nutritionals – Determination of myo-inositol by liquid chromatography and pulsed amperometry* (Смеси для детского питания и взрослых. Определение содержания мио-инозитола с помощью жидкостной хроматографии и импульсной амперометрии)

Международный стандарт разработан Техническим комитетом ISO/TC 34 «Пищевые продукты» совместно с ассоциацией AOAC INTERNATIONAL

Перевод с английского языка (en).

Официальный экземпляр международного стандарта, на основе которого подготовлен настоящий национальный стандарт и на которые даны ссылки, имеется в Едином государственном фонде нормативных технических документов

Официальной версией является текст на государственном и русском языке

Степень соответствия – идентичная (IDT).

4 В настоящем стандарте реализованы нормы законов Республики Казахстан «О техническом регулировании» от 9 ноября 2004 года № 603-ІІ, «О языках в Республике Казахстан» от 11 июля 1997 года № 151-І

**5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ**

2023 год
5 лет

6 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется в ежегодно издаваемом информационном указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений и поправок – в ежемесячно издаваемых информационных указателях «Национальные стандарты». В случае пересмотра (замены) или отмены настоящего стандарта соответствующее уведомление будет опубликовано в ежемесячно издаваемом информационном указателе «Национальные стандарты»

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан

Смеси для детского питания и взрослых

**ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ МИО-ИНОЗИТОЛА С ПОМОЩЬЮ
ЖИДКОСТНОЙ ХРОМАТОГРАФИИ И ИМПУЛЬСНОЙ АМПЕРОМЕТРИИ**

Дата введения 2018-01-01

1 Область применения

Настоящий стандарт устанавливает метод, используемый для определения содержания мио-инозитола (свободного или свободного плюс связанного в виде фосфатидилинозитола) в смесях для детского питания и взрослых с помощью жидкостной хроматографии и импульсной амперометрии с переключающимися колонками.

2 Термины и определения

